

**Көсембай негізгі мектебінде 2023-2024 оқу жылы бойынша  
тәрбие жұмысын жүзеге асыруда жүргізілген жұмыстар туралы**

**Ақпарат**

2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20-қыркүйектегі №398 бұйрығы және Ақтөбе қаласының 2023 жылғы 21-қыркүйектегі №303 бұйрығына сәйкес Көсембай негізгі мектебінің №71 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған жұмыстар уақтылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. kosembai2024 инстаграм желісіне өткізілген барлық жұмыстар уақтылы жарияланған.

2023-2024 оқу жылының I-тоқсанында тәрбие процесінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтарға негізделген. Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойын сіңірген еңбекқұмар, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар: «Оқуға құштар мектеп», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай – 9-іс-шара», «Ата-аналар мектебі» жүзеге асырылуда. Аталған жобаларды жүзеге



асыруда жүргізілген жұмыстар: «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Балалардың интернеттегі қауіпсіздігі» ата-аналарға жағнамалар таратылған, «Ғаламторсыз бір күнім» 5-9-сыныптар арасында эссе жұмысы, «Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат ойыны, «Қауіпсіз интернет» сурет байқауы, «Интернеттегі қауіпті ойындар» кеңес беру, «Интернет апақтарынан сақтан!» түсінік беру жұмысы жүргізілген.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап – жан азығы қанып іні» танымдық сағат, «Ер есімі-ел есінде», «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» топтық сайыс, «Мен оқыған бір ертегі» оңғима сағаты, «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» сыныптан тыс шара, «Оқы және сыйла» букроссинг, «Өзің оқы – өзгеге ұсын» READx жұмыстары өтіліп, жоспарлары жинақталып, жоба планерлері жазылып, әлеуметтік желіге жарияланған.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» көркем сөз байқауы, «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» сурет байқауы, «Тәуелсіздік ел бақыты!» онкүндік «Көк тудың желбірегені», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» «Жеңісімді Тәуелсіздіккеарнаймын!» апталық іс-шара, Туған өлке ақындарының шығармалары, «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» студенттермен кездесу, «Мен және менің поляцейім», «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Сен және Заң», «Сөз қадірі – өз қадірің» пікір сайыс, «Қоқысты қайта өңдеу процесі» шеберлік сағаттары өтілген.



«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Оқи, ар мен адалды» сембілік жұмысы, «Ұлы дала перзентімін» жалғыз басты қарт кісілерге көмектесу, «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» шеберлік сағаты, «Үміт сәулесі» қайырымдылық акциялары, «Құстар біздің досымыз», «Достық – көмекпен мықты» топтық сайыс, ұя жасау, «Менің гүлзарым» мектеп ауласын абаттандыру жұмысы өтілген.





«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында Ата-аналарды «Даналық мектебі» іс-шара жоспары бойынша жұмыстарға қатыстыру жұмыстары жүргізілген. Даналық мектебі жобасы аясында жеңелермен «Мұны қыздар білуі тиіс», «Қыз ғұмырдың күншілары», аталармен «Жеті атасын білген ұл, жеттің жұрттың қамын жер», «Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет», ағалар мектебі «Ағасы бардың – жағасы бар», «Ержігітке жарасар салауатты бейнесі», әжелермен Ертегі танымның көзі «Әжесі бар үйдің берекесі бар», «Ырым тыйым-әдептілік белгісі» жұмыстары өтілді.

«ДОСБОЛІКЕ» жобасында мектепте жүйелі жүзеге асырылды. Аталған жоба бойынша мектепте 5-6-сынып оқушылары арасында «Құпия дос» акциясы, ата-аналар мен оқушылар арасында 4 бөлімнен тұратын «Екі Жұлдыз» ән байқауы, "Адамдық борыш - ар үшін" атты әдеби - сазды сағат, «Миллион кімге бұйыралды» сайысы, «Мен үшін адал дос...» эссе байқаулары өтілді. Барлық жұмыстары мектептің әлеуметтік парақшасына салынған.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Ұлттық ойын-ұлттық мұра» ұлттық ойын түрлерінен сайыс, «Тоғызқұмалақ-дау» сайыс, «Алтын сақа» челленджі, «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» топтық сайыс, «Толағай» отбасылық сайысы, «Бес асық», «Бес табан» ойындары жоспарланып өтілген. Дәлелдеме құжаттары жинақталған. Сонымен бірге «Төрт төқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында да, «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы, бойынша да жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру. Ақпараттық басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылды.



Ата-аналарды қолдау орталығының жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді. 1-4-сынып ата-аналарына арналған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасына сай «Отбасы-бақыт бесігі», «Білімдіге дүние жарық», «Әрбір бала-жарық жұлдыз», «Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудияны қалай дамытуға болады?», «Сенім арту-жетістік кепілі», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» тақырыптарында, 5-9-сынып бағдарламасы негізінде «Баланың бас ұстазы-ата-ана», «Ақыл айтпа жол көрсет», «Балаға үйрету: ақылды мейірімге оран бер», «Бұлақ көрсен көзін аш», «Ақпараттан ақ пен қараны ажырату», «Әр нәрсенің өлшемі бар», «Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары» тақырыптарына сабақтары өтілген. Ата-аналар

қатысым көрсеткіші жақсы. Барлық жұмыстар жоспарлары, фото суреттері шығарылып тігілген, әлеуметтік желіге жарияланған.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектептегі әлеуметтік-психологиялық қолдау қызметі бойынша 1-әлеуметтік педагог, 1-педагог-психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата-ана педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым-қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылды. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психологиялық мінез-құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылды. Мектептегі әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған.



Мектепте «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген. «Сенім жәшігі» мектептің кіре берісінде бәріне көрінетін жерде орналастырылған. Әр апта сайын Сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары, құрамы бекітілген. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2023-2024 оқу жылында жалпы бала саны-60, толық отбасылар-30, толық емес отбасылар-30, әкесі жоқ балалар-3, көп балалы отбасы-15, мүмкіндігі шектеулі -1 оқушы бар. Кәмелетке толмағандар ісі жөнінде бөлімде, мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте ақыл төрт үйірме, ақысыз екі үйірме жұмыс жасайды. «Жас тарихшылар» үйірмесі -24 оқушы, «Дебат» үйірмесі-24 оқушы, «Вокал» үйірмесі – 24 оқушы, ақысыз -«Тоғызқұмалақ» үйірмесі-12 оқушы, «Шахмат» үйірмесі – 12 оқушы қамтылған. Уақыт кестелері, жұмыс жоспарлары құрылған, оқушылардың қатысымы жақсы. Үйірме жұмыстарының жауапты мамандарын тағайындай бұйрықтары уақытылы шығарылып, уақыт кестесі бекітіліп, кестеге сай сабақтар өтіліп жұмыс жоспарлары бекітіліп, жасақталған.

Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата-анамен тұратын, ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп акт жасалды.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қалағалауынсыз және панысыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгеріс 01.04.2019ж. №240VI) негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылының I-тоқсанында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2023-2024 оқу жылы бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылары тобы құрылды.



Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуды жасөспірімдер инспекторы мен балалар құқығын қорғау ісі бойынша мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орылбасарымен бірлескен іс-шара жоспары құрылып бекітілген. Аталған жоспар негізінде Оқу орнының жарғысының талаптарын, оның ішінде білім беру мекемесіне тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою, Тыйым салынаған заттардың мектеп оқушыларында бар немесе жоқтығын кездейсоқ тексеру, «Отбасындағы қолайсыздық құқықбұзушылықтың негізгі себебі» ата-аналармен түсінік жұмысы, «Кәмелетке толмағандардың білім беру мекемесіндегі құқытары мен міндеттері» жасөспірімдер инспекторымен кездесу, «Отбасындағы зорлық-зомбылық түрлері, себептері, болдырмай жолдары» дөңгелек үстел, «Жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқықбұзушылықтың түрлері себебі, алдын алу әдістері» әңгіме кеңес т.с.с жұмыстар жүйелі жүргізілген. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі отырысының жоспары негізінде ай сайын кеңес отырысы өтіліп, хаттамаланып, хаттама журналы шұрланып мөрленген.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызмет үйлестіру бойынша сынып саны-7, 7-сынып жетекші тағайындалды. 2023 жылдағы I-кыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» бұйрығы негізінде Л.Шутенова тағайындалды. 2023-2024 оқу жылдары

бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өтіліп, хаттамалары жинақталған. Сынып жетекшілер құрамы

Жылдары	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2023-2024 оқу жылы	7	6	1

2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Өзін-өзі басқару ұйымы бойынша өтілген жұмыстар:**

Оқу жылының басында 1 – 9 сынып білім алушыларымен 2023 – 2024 оқу жылы бойынша топ басшыларының отырысы өткізілді. Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамытудың 2023 – 2024 оқу жылына арнаған іс-шаралар жоспарын әзірленіп және бекітілді. Сынып белсенділері сайланды. Парламент отырысы өткізілді.



Қазан айында «ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ бойынша, ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыра отырып, «Құқық және заң» топтық сайыс, «Құқықтық сауаттылық заман талабы» тақырыптарында жұмыстар өткізілді. Қазан айымен қатар келген ұстаздар мерекесімен, қарттар күні тойланды. Іс-шараға мектеп оқушылары белсенді қатысты.



Қараша айында «МЕН САПАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ бойынша «Таза мектеп – таза сынып» акциясы, «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» сауалнама, «Есірткісіз келешек», «Арман! Еңбек! Сенім!» жұмыстары өтілді. Мақсаты, Нашарлық адамзат баласының денсаулығы мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қауіп екенін және интернетті дұрыс пайдалану әр азаматтың міндеті екенін түсіндіру.





Желтоқсан айында «Денсаулық басты байлық» мейіркөмемен кездесу және «Мектеп лигасы» спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты, әр азамат спортпен айналысып, денсаулықтың қадірін білу, жамап әдеттерден аулақ болу.



Қаңтар айында «СҮЙІСПЕНШІЛІК - ЖҮРЕКТЕН» ЖОБАСЫ бойынша «Әдеп – ең қымбат мирас» дөңгелек үстел, «Мейірім толы жүрек» акциясы жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Оқушылар іс-шараға белсенді қатысты.



Ақпан, наурыз айларында «ЕРІКТІЛЕР» ЖОБАСЫ және «АЯЛЫ АЛАҚАН» ЖОБАСЫ бойынша «Асар» челленджі, «Жомарт жүрек» акциясы, «Қайырымдылық - қайырлы іс», «Ағаның ініге қамқорлығы» іс-шарасы жұмыстары және қосымша алғыс айтумен, наурыз мерекесі тойланды. Мақсаты, Қайырымдылық жасау-халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Көмекке мұқтаж жанның жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақынның тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы екенін түсіндіру және Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайлыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



Сәуір айында, «ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ «Әлемде мейірімділік бар ма?» пікірталас, құстар күніне орай «Құстар біздің досымыз» ұя жасау, «Табиғат тамашалары» сурет байқауы жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға оқушылар белсенді қатысты.



Мамыр айында «ӨНЕРЛІ ӨРЕН» ЖОБАСЫ бойынша «Біз өнерлі жастармыз!» флеш-моб, «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ, «Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы, және де төтенше жағдайға байланысты 1-9-мамыр мерекелері бірыңғай тәрбие сағаттарымен өтілді.



**Қорытынды.** Біздің мектептің өзін - өзі басқару ұйымы 2022 – 2023 оқу жылының I тоқсанының басынан бастап мектептің Парламенті жеткілікті үлкен қоғамдық-ұйымдастырушылық жұмыс атқарғанын атап өткім келеді. Өзін - өзі басқару күшейді және біз көптеген іс-шаралар өткіздік. Біздің парламент іс-шараларды өткізуде тәжірибе жинады; оларды жақсы ойластыруды үйренді; одан да біртұтас болды; басқалардың пікірін тыңдауды, оны бағалауды және тыңдауды үйренді. Біздің мектепте сыртқы келбеті бойынша рейдтер және оқушылардың сабаққа кешігуін, күнделіктерінің толтырылуы, кітаптардың тазалығы, тексеріліп жүрді. Соңдай-ақ, оқушылар арасында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу мақсатында түрлі іс – шаралар мен пікір алмасу сабақтары өтті.



Өткізілген әр іс-шара бойынша фото есептер жасап, оларды уақытында тапсырылып, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Өзіп - өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде, сапалы білім, саналы тәрбиенің жаңа жақтары артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі артауда. Ұйым белсенділерінің құқығымен міндеті және жауапкершілігі артты.

Психологиялық қызмет мектеп проблемасы негізінде жүзеге асырылды. Психологиялық қызмет проблемасы-мектеп оқушыларының психологиялық көмек түрлерін (психодиагностика, психологиялық көмек беру, психокоррекция, психопрофилактика) көрсету арқылы психологиялық денсаулығына жағдай жасау және жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу. Мектептегі психологиялық қызмет негізгі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылған: психодиагностика, түзету-дамыту жұмысы, профилактика және психологиялық ағарту, консультация беру, ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілген. Жоспар негізінде жүргізілген психодиагностика жұмысы бойынша 6-9-класс оқушыларынан Басса Дарки оқушылардың агрессия деңгейін анықтау сауалнамасы алынған. Қорытындысы: Оқушылардың агрессия және қастандық деңгейі қалыпты жағдайды көрсеткен. 5-сыныпқа Гудман әдістемесі жүргізілген. Мақсаты: Жасөспірімдердің тәртібі, мінез-құлқының күшті, әлсіз жақтарын анықтау. Нәтижесі қалыпты. 7-9-сыныптардан «Дасс» сауалнамасы алынған. Мақсаты: балалардың бойындағы үрей, депрессияны анықтау. Қорытынды қалыпты, 8-9-класс оқушыларынан топтағы буллинг сауалнамасы алынған. Керн-Нерасек әдістемесі 1-класс оқушыларынан алынды. 1-классқа қабылданған оқушылардан мектепке дайындық деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жұмысқа 1-класстың 10 оқушысы түгел қатысты. Зерттеу тәртібі: Мектепке даярлық деңгейін Керн-Нерасек тесті арқылы анықталды. Тест үш тапсырмадан тұрды. Бірінші тапсырма - ер адамның сыртқы пішінін салу, екінші тапсырма - әріптердің жазба түрін көшіріп жазу, үшінші тапсырма-нүктелер тобын көшіріп жазу. Өткізілген диагностика нәтижесі қалыпты. Олардың тұрақтылығы, зейін деңгейлері, ортадан жоғары есте сақтауы, зейін қойма тыңдағаны, бәрін тез түсініп берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап үлгі бойынша барлық оқушылар орындап көрсетті. Сонымен қатар 1-класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі, «Күн, бұлт, жаңбыр» әдістемелері алынған.

Сонымен бірге психолог кабинетіне оқушылар өз еркілерімен барып, кеңес алып тұрады. Түзету-дамыту бағыттары: диагностикалық жұмыстардың нәтижесі бойынша түзету-дамытушылық сабақтар (мүмкіндігі шектеулі оқушылармен) жүргізілген. Тренингтік жаттығулар жақсы көңіл-күй, қарым-қатынас бағытында сондай-ақ оқушылармен мінез-құлқы немесе қозғалысын түзету болып табылатын психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. Мектепшілік есепте тұрған, «Тәуекел тобындағы» оқушыларды психологиялық қолдау. ДМШ оқушылармен жоспар бойынша түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. 5-класс оқушыларымен, «Сызырлы дыбыстар», «Әріптерді тану», «Бұзылған телефон» ойындары өткізілді. 5-класс оқушыларымен «Алақай, мен 5-сыныпта оқимын» тренинг сабақтары өткізілді. Мақсаты: 5-сынып оқушыларына орта буында оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету.

Профилактика және психологиялық ағарту бағыттары: «Кибербуллинг деген не?» 8-класс оқушыларымен әңгімелесу жүргізілді. Мектебімізде даму мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы Даулетов Д мен тұрақты жұмыс жүргізіліп тұрады. Мектеп әкімшілігі мен бірге ата-аналар жиналыстары тұрақты ұйымдастырылып тұрады.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар: «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» арқылы балаларға, ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер, қолдау білдіру жұмыстарында.

Қорыта келгенде мектеп проблемасына сәйкес психологиялық қызмет белсенді түрде іске асырылған, психологиялық зерттеулер нәтижесімен таныстырылып, ұсыныстар берілді.

Дини экстремизмнің алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар: Көсембай негізгі мектебінде 2023-2024 оқу жылына арналған дини экстремизмнің алдын алу бойынша іс-шаралар



жоспары құрылып бекітілген. Қыркүйек айында оқушылардың діни көзқарасын, дінге қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнама алынған. Сауалнамаға 8-9-сынып оқушылары түгел қатысқан. Қатысқан оқушы саны-14. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардан діни қызығушылық анықталған жоқ. Жалпы Көсембай негізгі мектебінде діни сауат алып жүрген, намаз оқитын оқушы, ата-ана жоқ. Оқушыларды мектеп формасын ҚР Білім және ғылым министрінің №26 бұйрығына сай сақтайды.

Қазан айында 1-9-сынып оқушылары, ұстаздары арасында терроризмге қарсы қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында оқу-жаттығуы өтті. Оқу-жаттығу барысында «Білім беру объектілерінде терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» аясында бекітілген алгоритмдер тәжірибе жүзінде пысықталды. Мектеп ұжымына терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі алгоритмдер нұсқамасы беріліп, тиісті деңгейде орындалуы қадағаланды. Оқушыларға нұсқау беріліп, қызметкерлер мен білім алушыларды жедел эвакуациялау ұйымдастырылды. Оқу-жаттығуды жүргізудегі түпкі мақсат - техникалық құралдардың тұрақты жұмыс істеуін бақылаудан бөлек, қауіп төнген жағдайда оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлердің дұрыс әрі қауіпсіздікті сақтап, жедел әрекет етуіне бағдарлау. Аталған оқу-жаттығуға барлығы 59 оқушы, 9 мұғалім қатысты. "Дини экстремизм жастарға қандай қауіп төндірелі" тақырыбында тарих пәні мұғалім Ж.Даулетова түсінік жұмысын жүргізді. Жұмыс барысында оқушыларға экстремизм ұғымы туралы түсінік беріп, экстремизм түрлері радикализм, терроризм туралы айтылды. Сонымен қоса жат ағымдағы діни бірлестіктер туралы ақпарат беріліп олардан аулақ болу үшін жадынамамен таныстырылды. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу және ескерту шаралары" тақырыбында М.Сисенов ата-аналарға жадынамалар таратып түсінік жұмысын жүргізді. Мақсаты: діни экстремизм мен терроризмнің мағынасын түсіндіру, күрес жолдары туралы ақпараттандыру болып табылды. Сонымен бірге «Біі терроризмге қарсымыз!», «Менің Отаным Қазақстан» эссе байқауы. 7-8-9-сыныптар арасында, «Адамзат баласының тыныштығын бұзған қауіп –кәтер» дөңгелек үстел 7-9 –сыныптар арасында, «Теріс пиғылды діни ағымдар,олардың белгілері мен зардабы» тақырыбында түсінік беру жұмыстары жүйелі жүргізілді.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар:**

Көсембай негізгі мектебінде Эстетикалық пәндер бірлестігін ұйымдастырумен пән бірлестіктері арасында "Қоңілді эстафета" жарысы өтті. Жарыс қорытындысы бойынша Жаратылыстану пәндер бірлестігі, Гуманитарлық пәндер бірлестігі, Бастауыш пәндер бірлестігі иеленді.

"Шахмат ойнау" челленджі 5-7-сынып оқушылары арасында өтті. Қатысқан оқушы саны:12  
Жетекшісі: А.Габдуллин.

Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

5-9-сынып оқушыларына «Қызылша аурынан сақтанайық!» тақырыбында оқушыларға түсінік берілді. Жұмыс барысында Қызылша-адамнан адамға ауа-тамшы жолымен берілетін жұқпалы ауру!

Виру өте тез жұғу жолдары, қызылшаның белгілері, Сипаттамалар пайда болған жағдайда медициналық көмекке жүгіну керектігі, дәрігерге кеш қаралған жағдайда асқынға әкеліп өліммен аяқталуы мүмкін екендігі, қызылшадан өзінді қалай қорғауға болатындығы, өзін-өзі және жақындарының денсаулығын қорғау маңызды екендігі толық түсіндірілді!

"Шынықсаң шығар боласын" атты ер балалармен жұмыс жоспары негізінде әкелер мен балалар арасында спорттық шара ұйымдастырылды. Жарыс 4 кезеңнен тұрды. 1. Келдергілерден тез өт... 2. Мерген 3. Су тасимыз бәріміз, 4. Қол күрес кезеңдерінен тұрды. Жарыс нәтижесінде Қыран тобы 1-орын, 5-8-сыныптар арасында қар үетіндегі футбол ойынынан жарыс ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың арасында достық қарым-қатынас орнату, салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Жарыс нәтижесі бойынша 1-орын 5-классе, 2-орын 8-классе, 3-орын 6-классе, 4-орынға 7-классе оқушылары ие болды.ғау тобы 2-орын, Аманат тобы 3-орындармен марапатталды.



5-6-сынып оқушыларымен "Салауаттылық- денсаулық негізі" тақырыбында медбике Б.Қожақовамен кездесу өтті. Мақсаты: Оқушылардың «денсаулық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, оны күту іскерліктерін дамыту. Дене, жеке бас гигиенасын сақтау және жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

Математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен оқушылар, ата-аналар және ұстаздар арасындағы Мектеп үштігімен дойбы жарысы ұйымдастырылды. Жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталды. Пән мұғалімдері: Е.Нұрғалиев, М.Елемесова



*(Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстардан суреттер)*

**Қыз балалар мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар:** Мектепте қыз балалар арасында профилактикалық кеңес өткізу және қыз балаларды тәртібі мен тәрбиесін қалыптастыру үшін «Қызғалдақ» қыздар клубы жұмыс жасайды. Жауапты маман тағайындалған, жылдық жұмыс жоспары жасакталып бекітілген. Сонымен бірге «Тазалық денсаулық кепілі», «Ерте жүктілік деген не?», «Бой түзеу-әуелі ой түзеу», «Озар елдің қызы мінезді», «Адамгершілік адептілік бастауы» тақырыптарында қыздар жиналыстары өтілген. Жиналыстар баарысында қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау, Жағ әдеттерден аулақ болу, Ерте жүктіліктің алдын алу т.с.с мәселелер талданып, қыз балаларға түрлі кеңестер берілген. Жылдық жұмыс жоспарын сай ізетті, ишабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы болашағы жарқын қыздарды тәрбиелеу мақсатында Халықаралық қыздар күніне орай онкүндік, жеңгелер мектебімен бірлесе отырып «Мұны қыздар білуі тиіс» дөңгелек үстел, «Қыз ғұмырдың құпиялары» кеңес беру, «Қыздар қоғамдық орында өздерін қалай ұстаған жөн?» қыздарға кеңес, «Ерте жүктілік болшаққа балта шабу», «Мейірім жан шуағы», «Әсемдік әркімгеде жарасады» сән үгілерін көрсету, «Ерте жүктіліктің салдары» викторина жұмыстары жүргізілген.

**Ер балалармен жүргізілген жұмыстар:** Мектепте ер балалардың ұлттық патриоттық сезімін тәрбиелеп, ел азаматын қалыптастыру мақсатында «Жас ұлан» ұлдар клубы құрылған. Ұлдар клубына жауапты маман ретінде тәлімгер С.Таждауов бекітілді. Ұлдар жиналысының жылдық жұмыс жоспарына сай тоқсанына бір рет ұлдар жиналысы жоспарланып өтілді. Жиналыста түрлі қоғамдағы бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер қаралып өтілген. Жұмыс жоспары негізінде «Салауаттылық денсаулық кепілі» медбикемен кеңес, «Ер азамат атына лайық бол» мектеп психологымен психологиялық кеңес, «Аға ақылы» ағалармен кездесу, «Сіздей болғым келеді» өнегелі әкелермен кездесу, «Жар үстіндегі футбол» жарыс, «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» дөңгелек үстел, «Зиянды әдеттерден аулақ болайық» шылым, алкаголь, нашақорлықтың алдын алу, сақтандыру жұмыстары, «Әкеммен бірге жеңеске жетемін» спорттық сайыс өтіліп іс-құжаттары жинақталды.


2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған.

Мектептегі барлық үйірме, спорттық секция саны – 5.

2023-2024 оқу жылында «Балалар және театр», «Дебат», «Вокал», «Жас тарихшылар» үйірмелері мен «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» секциялары жұмыс жасалды.



### Оқушылардың қатысымы:



### «Балалар және театр» үйірмесінің жетістіктері:



Ақтөбе ғылыми - тәжірибелік орталығының «Оқуға құштар мектеп» жобасының міндеттерін жүзеге асыру аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың сапалы оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары»

тақырыбындағы облыстық семинар -практикум жұмысына үйірме оқушыларымен қатысып іс – тәжірибесін бөліскен.



Ыбырай Алтынсариннің «Баланың айласы» тақырыбындағы әңгімесінен қуыршақ театрында «Баланың татқырлығы» атты қойылымы сахналанды. Оңтайлы іс -тәжірибемен бөліскенім үшін Алғыс хат.



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру бойынша облыстық онлайн семинар практикумына «Қазақтан және әлем театрлары туралы мәлімет беру театрдағы өзін –өзі ұстау мәдениеті» тақырыбында іс –тәжірибеммен бөлісілді.



«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» атты облыстық байқаудың «Үздік сахналық қойылым» номинациясы бойынша аудандық кезеңнен I- орын, облыстық кезеңнен I- дәрежелі дипломмен марапатталды.

### «Ақиқат» дебат үйірмесінің жетістіктері:

-«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан бүгін және болашақта» атты аудандық пікір сайыс турниріне белсене қатысқаны үшін «Ақиқат» дебат фракциясының оқушылары Маратқызы Назерке мен Алғысбай Ұлту алғыс хатпен марапатталған.

-«Ең үздік көшбасшы-2023» дебат жетекшілері арасындағы II облыстық турнирдің аудандық кезеңіне қатысып «Оратор» номинациясымен I-орынмен Даулетова Жұмагүл марапатталды.

### «Вокал» үйірмесінің жетістіктері:

-Аудандық «Ақберен» байқауының «Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша 3-орынмен Имагамбетова Каусар марапатталды.

### Спорт секцияларының жетістіктері:



-Ұлттық мектеп лигасы Тоғызқұмалақтан 7-8 класс оқушылары арасында 2-орын 2024ж  
-Тоғызқұмалақтан ұлдар арасында Бөкенбай Бекарыс 3-орын Балдаурен Республикалық оқу-сауықтыру орталығы 2024ж

-Аудандық спартакиадаға тоғызқұмалақтан 7-оқушы қатынасып нәтижесінде

1-орын 1, 2-орын 3, 3-орын 2 марапатталды 2024 ж

Жалпы үйірме жұмысы бекітілген кесте негізінде өз жұмыстарын жасады. Оқушылардың үйірме жұмыстарына қатысымын тіркеу журналы жүргізілді, оқушыларды қызығушылықпен қатысуды жақсы.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсына іске асыру.**

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану) оқу пәнінің шеңберінде; жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерііске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізілді. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 56-тармаққа, 4-қосымша 4-тарау 50-тармаққа сәйкес келеді.

**"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру;**

2023-2024 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда жылдық жүктемесі 6-сағат сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілері жүргізген. 5-9-сыныптарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген. Дәлелдеме құжаттары сынып жетекшінің іс-құжаттары папкаларында жасасталып тігілген. Жоспары «BilimClass» платформасына орнатылды.

Көсембай негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында жоспарланған барлық жұмыстар уақтылы өтілді. Барлық өтілген жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орныбасары:  Л.Шутенова